

Педагог-психологтарының 2024 – 2025 оқу жылындағы жылдық есебі

Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты: білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметті – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне оқушылардың психологиялық даму үдерісіне психологиялық қолдау жасау.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1.білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2.білім алушыларғы ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3.білім алушыларды психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4.психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту;
- 5.психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6.білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7.психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауды ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 8.білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық күзiреттілігін көтеру

Жаңа оқу жылында осы мақсаттарда жыл басында жоспарқұрылып, мектеп - гимназия директорымен бекітіліп, жұмыстар атқарылды.

Қостанай облысы білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ-мен бірлескен жұмыстар бойынша мектеп оқушыларының аутодеструктивті мінез – құлықты және тұрмыстық зорлық – зомбылықты анықтау бойынша әр жыл сайынғы дәстүр бойынша HR+ автоматтандырылған бағдарламасымен сауалнама алынып, олардың қортындылары шығарылып отырылды. Шығарылған қортынды бойынша анықталған Ерекше назардағы оқушыларға әр жас ерекшеліктеріне байланысты жоспар құрылып, осы жоспарға сәйкес жұмыстары атқарылды. Мектебіміздің жас мамандарына көмек көрсету және ұжымдағы психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшыныстарын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйлерін көтеру мақсатында «Жарқын болашақ иесі бүгінгі – жас маман» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

2024–2025 оқу жылы бойы ресурстық орталықта ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) 33 оқушымен жұмыс жүргізілді. Оқушылардың білім алуы үйден оқыту, инклюзивті ортада оқыту және жеке бағдарламалар негізінде ұйымдастырылды. Оның ішінде: Зиятында бұзылысы бар оқушылар – 2оқушы Есту/көру/қимыл-тірек аппараты бұзылған оқушылар – 6 оқушы Сөйлеу тілі бұзылған оқушылар –9 оқушы Психикалық дамуында тежелуі - 18 оқушы Психолог маман оқушылардың психологиялық дамуын қолдау, бейімделу, эмоционалды тұрақтылықты қалыптастыру және ата-аналармен жұмыс жүргізу бағыттарында жұмыстар атқарды ПМПК-ң берілген қорытындысы бойынша оқушылар мектебіміздегі ресурстық орталыққа психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардың келісімі бойынша келіп жүр.

Балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектеп жағдайында диагностикалық, дамытушылық және консультациялық-тәрбиелік шаралар арқылы толық және үйлесімді дамуды қамтамасыз етуге бағыттау мақсатында жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асуда. Оқу жылының басында әр оқушыға жеке папка арналып, оқушының сабақтағы іс-әрекетін бақылау формалары (Форма 2 а, б), оқушының мінездемесі бланкі (форма 3) толтырылды. Әр оқушының «Коммуникативті паспорты» жасалды. Психологиялық сүйемелдеуге оқушылар кесте бойынша аптасы 2 рет келеді. Әр оқушыға жеке жоспар жасалынған. Диагностикалық мәліметтер мен оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, жыл бойы жүйелі түрде түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Жұмыстардың мақсаты – оқушылардың танымдық процестерін, эмоционалдық тұрақтылығын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, мінез-құлық бұзылыстарын түзету және әлеуметтенуін жеңілдету болды. Жеке түзету сабақтары: Жеке сабақтар аптасына 1–2 рет 35-40 минут көлемінде өткізілді. Жеке жұмыс әр баланың ерекшелігіне қарай бағдарлама негізінде құрылды. Мақсатты бағыттар: Ұсақ моториканы дамыту: Саусақ жаттығулары, жіппен өрнек тоқу, пластилиннен мүсіндеу, қиып-жапсыру тапсырмалары арқылы жазуға дайындық дағдылары жетілдірілді. Сөйлеу және таным процестері: Сөздік қорын дамытуға бағытталған суретпен жұмыс, дыбыстарды ажырату, қысқа әңгімелер құрастыру жаттығулары жүргізілді. Сонымен қатар назар, есте сақтау, қабылдау жаттығулары (мысалы, «Қай сурет жетіспейді?», «Кім тез табады?» ойындары) қолданылды. Эмоцияны реттеу: Релаксациялық жаттығулар, тыныс алу техникасы, сезімдерді тану және сурет арқылы білдіру жаттығулары жүргізілді. «Мен қандаймын?» және «Менің көңіл-күйім» секілді жаттығулар арқылы эмоцияны тануға және дұрыс жеткізуге үйретілді. Мінез-құлықты түзету: Қиындық туғызатын жағдайларда өзін ұстау, сабыр сақтау, ережелерді қабылдау, дұрыс жауап қайтару секілді жаттығулар орындалды. Ойын және арт-терапиялық әдістер: Психологиялық ойындар арқылы баланың еркіндігі мен белсенділігі дамыды. Түрлі эмоцияларды суретпен, қимылмен, түспен көрсету арқылы ішкі сезімдерін сыртқа шығару мүмкіндігі туды. Ертегі терапиясы – балаға үлгі көрсету, дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектесу мақсатында қолданылды. 2024–2025 оқу жылы барысында даярлық сыныбында білім алатын оқушылардың 1-сыныпқа психологиялық дайындығын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, 0 “А” сыныбы бойынша жұмыстың қорытындысы: Сыныпта барлығы 21 оқушы, сынып жетекшісі Жумальдина Мейрамкүл. Сыныптағы жағдай бірқалыпты, зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы. Диагностикалық әңгіме тестісі бойынша мына оқушыларда оқуда қиындықтар бар екені анықталды. Олар, Мұхамбетқали Бекарыс, Бақыт Ханшайым. Бұл оқушыларда әріп, сан тануында қиында бар. 0 “Б” сыныбында барлығы 16 оқушы, сынып жетекшісі Кемелбаева Кулаш. Сыныптағы жағдай бірқалыпты, оқушылар мектепке бейімделген. Мектеп ережесін сақтайынын көрініп тұрды. Зерттеу барысында мына оқушыларда оқу үрдісінде қиындықтар бар екені анықталды. Олар: Бердіғазы айым, Нұрболқызы Жасмин, Сәрсенбай Бақдәулет. Бұл оқушылар жеке жұмысты талап етеді.

О “В” сыныбы бойынша, сыныпта 22 оқушы, сынып жетекшісі Мамбеталина Бахыткүл. Сыныпты жағдайы бірқалыпты, оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.

Зерттеу барысында мына оқушыларда оқу ында қиындықтар байқалды: Социал Қайрат, Ғалымбек Әмір , Батырханұлы Алишах.

0 “Г” сыныбы бойынша сыныпта 22 оқушы, сынып жетекшісі Джумабаева Ақмарал. Сыныптың жағдайы бірқалыпты. Сыныптың өзара қарым-қатынасы жақсы. Зерттеу нәтижесі бойынша мына оқушыларда оқу процесінде қиындықтар анықталды: Марат Омар, Манат Даяна.

Қорытындылай келе, даярлық сынып жетекшілері мен ата-аналар бірлесіп, оқу үрдісінде қиындықтары бар оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізу, тілдерін дамыту, ақыл-ой қабілеттерін одан әрі дамытып, логикалық тапсырмалармен көбірек жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі жайлы психологиялық кеңес берілді. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқуында қиындықтары бар оқушыларды ата-аналарымен сөйлесіп ПМПКдан өткізу жөнінде ұсыныс айтылды.

Ресурстық орталық психологы ретінде 2024–2025 оқу жылы ішінде кәсіби дамуға ерекше көңіл бөлінді. Жыл бойы педагог-психологтардың біліктілігін арттыруға арналған семинарлар мен тренингтерге белсенді түрде қатыстым. Мұндай шаралар кәсіби құзыреттілікті жетілдіруге, тәжірибе алмасуға және жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік берді. Қаңтар айында қаламыздың “Золотой ключик” бөбекжайының ұйымдастыруымен “Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен дамытудың инновациялық әдістері” тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинарда “Есту қабілеті - балалардың сөйлеу мен танымдық дамуына әсері” тақырыбында шебер-сынып көрсетілді. Сондай -ақ наурыз айында мектебімізде “Инклюзивті білім берудегі педагог рөлі” тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Сондай -ақ 2024–2025 оқу жылы барысында ресурстық орталықта тіркеуде тұрған ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындысының мерзімі тұрақты түрде қадағаланып отырды. Мерзімі аяқталған жағдайда, ата-аналармен бірлесе отырып оқушыларды қайтадан ПМПК-ға жіберу жұмыстары ұйымдастырылды. 2024–2025 оқу жылында ресурстық орталық психологы өз қызметін жоспарлы және жүйелі түрде атқарды. Арнайы білім беруді қажет ететін балалармен жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Диагностика нәтижелері негізінде жеке даму маршруттары жасалып, түзету-дамыту сабақтары жүйелі жүргізілді. Ата-аналармен педагогтарға тұрақты қолдау көрсетілді.



2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай мектептегі 5-11 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлқықтың алдын алу мақсатында тоқсандық сауалнама алынып, талдап сараланып, анықталған оқушыларға жеке жоспар құрылып өз деңгейлеріне байланысты түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді



Бастауыштың 1 сынып оқушыларымен «Көңілді күн» атты тренинг көңіл – күй мен эмоционалды ахуалды жақсарту мақсатында өтті.




Қыркүйектің 10 жұлдызында ғылыми орынбасарлармен бірлескен, жас мамандармен жұмыс саласы бойынша «Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман» атты тренинг өз деңгейінде жақсы өтті.




Жас мамандардың қарым – қатынасын ұжым ішінде нығайта отырып, психологиялық ахуал қалыптастыра отырып, ортаға бейімдеу болып табылды. Оқу жылының алғашқы күнінде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы «Баланың бас ұстазы ата-ана!» деген тақырыппен, әр сыныпта жеке жалғасын

тапты. Мұнда ата-аналармен формалды түрде әңгімелесу ғана емес, отбасындағы тәрбие өте маңызды рөл атқаратындығын көрсететін ата - ананың, баланың оқу – тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыруды көздейтін тренингтермен жалғасты. Сондай-ақ ата-аналар мен ұстаздардан сұраныс түскен жағдайда балалармен де жұмыстар жүргізілді .

АСППМ электрондық жүйесі арқылы 8-11 сынып оқушыларының темпераментін анықтау сауалнамасы алынып қорытындылары шығарылды





8 сынып арасындағы қатысқан оқушылар саны 76 қатыспағаны – 19 оқушы, Анықталғаны холерик – 37 оқушы, сангвиник – 25 оқушы, флегматик – 11 оқушы, меланхолик – 3 оқушы.



9 сыныптар арасында қатысқан оқушылар саны 77 қатыспаған Оқушылардың темпераменті холерик - 40 оқушы, сангвиник – 24 оқушы, флегматик – 5 оқушы, меланхолик – 8 оқушы.



10 сыныптар арасында сауалнамаға қатысқан оқушылар 58, қатыспағаны – 5 оқушы. Анықталғаны холерик – 30 оқушы, сангвиник – 16 оқушы, флегматик – 5 оқушы, меланхолик – 5 оқушы



11 сынып арасындағы қатысқан оқушылар саны 50 оқушы қатыспаған 9 оқушы, анықталғаны холерик – 31 оқушы, сангвинник – 12, флегматик – 1 оқушы, меланхолик – 6 оқушы. Баламен қалай жұмыс жасауға болатынын темпераментті анықтау арқылы білу өте маңызды. Сауалнама соңында қортындыға сай сынып жетекшілерге психолог тарапынын ұсыныстар мен кеңестер берілді. Оқушылардың арасындағы қарым – қатынасты қалыптастыру үшін және тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу үшін Сенімді болайық тренингі өткізілді. Тренингте түрлі жаттығулар мен ойындар жүргізілді.




5 сынып білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын анықтау үшін «Түймедақ» проективті әдісі алынды. Нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары сарапталды.


Осыған байланысты 5-сынып параллелінде диагностикалық минимумның мақсаты жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңу үшін оқушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесін анықтау болып табылды.

5 сыныптар арасындағы сыныпқа бейімделу деңгейін анықтау бойынша «Менің сыныбым» әдістемесі алынды.


5 «А» сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуі




1. 42,3% - сыныпқа бейімделуі жақсы
 2. 19,2% - мұғалімнің маңыздылығы ерекше
 3. 15,8% - ойын позициясына жақын оқушылар
 4. 19,2% - сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушылар
- 5 «Б» сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуі



1. 56% - сыныпқа бейімделуі жақсы
 2. 20% - мұғалімнің маңыздылығы ерекше
 3. 0% - ойын позициясына жақын оқушылар
 4. 8% - сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушылар
- 5 «В» сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуі



1. 48% - сыныпқа бейімделуі жақсы
 2. 8% - мұғалімнің маңыздылығы ерекше
 3. 8% - ойын позициясына жақын оқушылар
 4. 28% - сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушылар
- 5 «Г» сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуі






53,8% - сыныпқа бейімделуі жақсы 0% - мұғалімнің маңыздылығы ерекше


11,5% - ойын позициясына жақын оқушылар 19,2% - сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушылар анықталды.

Тұлғалық нәтижелерді зерделеуді талдау бойынша төмендегі қорытынды бойынша



Оқыту мотивациясын зерттеу келесі нәтижелерді көрсетті: 5 А сынып оқушыларының оқу мотивациясын бағалау: 4,1% - оқу мотивациясының жоғары деңгейіне ие. 62,5% - мотивацияның орташа деңгейі. 16,6% - оқу мотивациясы төмен екендігі анықталды. 5 Б сынып оқушыларының оқу мотивациясын бағалау: 4% - оқу мотивациясының жоғары деңгейіне ие. 64% - мотивацияның орташа деңгейі. 12% - оқу мотивациясы төмен екендігі анықталды. 5 В сынып оқушыларының оқу мотивациясын бағалау: 0% - оқу мотивациясының жоғары деңгейіне ие. 68% - мотивацияның орташа деңгейі. 12% - оқу мотивациясы төмен екендігі анықталды. 5 Г сынып оқушыларының оқу мотивациясын бағалау: 0% - оқу мотивациясының жоғары деңгейіне ие. 6,1% - мотивацияның орташа деңгейі. 3,8% - оқу мотивациясы төмен екендігі анықталды.

Пәнге деген қызығушылықтарын анықтау үшін Түймедақ әдістемесі алынды
5 «А» сыныбы






5 «Б» сынып оқушыларынан алынған «Түймедақ» әдістемесі




Жүргізілген әдістеме бойынша бейімделу кезеңінде қиындықтары бар оқушыларды ортаға, сыныппен ара қатынастарын нығайту және қалыптастыру үшін барлық оқу жағдайына бейімделу кезеңде психологиялық қолдау көрсету мақсатында оқушылармен «Алақай мен – 5 сыныпта оқимын!» тақырыбында тренинг өткізілді. 5 сынып оқушыларының барлығы белсене ат салысып, қойылған сұрақтарға жауап алынды.

Мектепке бейімділігі мен сабаққа қызығушылығын анықтау үшін 1 сыныптардан Н.Г. Лусканованың «Оқу мотивациясының деңгейін бағалау» сауалнамасы алынды.



5 а сыныбында мотивациясы жоғары 3 оқушы, орташа 20 оқушы, төмен 2 оқушы, 5 б сыныбында мотивациясы жоғары 2 оқушы, орташа 19 оқушы, төмен 3 оқушы, 5 в сыныбында мотивациясы жоғары 2 оқушы, орташа 21 оқушы, төмен 2 оқушы, 5 г сыныбында жоғары 3 оқушы, орташа 18 оқушы, төмен 5 оқушы. Алынған қорытынды бойынша сынып жетекшілерге ұсыныстар беріліп, мотивациясы төмен оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мектепке қаншалықты бейімделгендерін анықтау үшін 1 сыныптардан «Менің сыныбым» атты проективті әдіс алынды. Бейімделген және қиындық бар балалар анықталды, жұмыстар жасалынды.



Аспм жүйесі арқылы да 1 сынып оқушыларынан «Ағаштағы орныңды анықта» атты проективті әдіс алынды. Оқушылардың басқа балалармен сыныпқа үйренісуі мен қарым- қатынасы сараланды. Нәтижесі өңделіп, сынып жетекшілеріне ұсыныстар беріліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

Пед.ұжыммен «Біздің эмоционалдық әлеміміз» тақырыбында тренинг ұстаздар үшін эмоционалды тұрғыда шаршағандығын азайту мақсатында өткізілді.

«Егер қиын болса қоңырау шал» акция жылдағы үрдіспен өткізілді. Мектепте залда ақпараттық стенд орналастырылып, оқушылар мен ата-аналарға парақша визиткалар таратылды. Мақсаты ата – аналар мен оқушыларды және педагогтарды психологиялық сауаттылықтарын арттыру болып табылды. «Алақай мен 5 – ші сыныпта оқимын !» тренингі оқушылардың сабаққа бейімделгендігін зерделеу мақсатында өткізілді. Оқушылар белсене ат салысып, өздерінің ой пікітерімен бөлісті




11 сыныптарда «Мен өмірді сүйемін» атты тренинг өткізілді. Оқушылардың болашаққа деген сенімдерін арттыруға, өмір құндылығын бағалау болып табылды.

Қазан айында сондай – ақ дүниежүзілік психологиялық денсаулықты нығайту күні қарсаңында бастауыш сыныптарда да, жоғары сынып оқушыларымен сынып сағаттары өтіп, видеоролик көрсетілді.

Қараша айының 15-30 күндері тоқсандық сауалнама мерзімге сай 5-11 сынып оқушыларынан алынды. Қорытындыланып анықталған балалармен аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу бойынша оқушылардың мазасыздығының алдын алу мақсатында бақылаудағы күйзеліс тақырыбында тренинг жүргізілді.




«Қабілет» жобасы бойынша да 8-14 жас аралығындағы балалар тіркеліп, тестілеуден дарындылықты анықтау бойынша өтті. HR+ бағдарламасы бойынша «Дифференциалды диагностика» Е.А Климовтың әдістемесі бойынша 11 сыныптардан алынды.



9-11 сыныптарда Шварцтың «Құндылық тесті» жоспарға сай алына отырып, қорытындыс шығарылды. Ұсыныстары мен жеке түзету дмыту жұмыстары жүргізілді.

Интеллект түрлері бойынша сауалнама да 8-11 сыныптар арасында АСППМ жүйесі арқылы Г.Гарднер әдістемесі алынды. Мақсаты оқушылардың бойындағы дарындылық қабілеттерн анықтау болып табылды.



Лингвистикалық 10%, математикалық – логикалық 10%, тұлға ішілік 14% , көрнекі кеңестік, музыкалық 23% кинестикалық 17%, тұлғааралық 12% пайызды құрады.

5-11 сынып оқушыларымен «Бұл әлем қандай тамаша!» тақырыбында оқушылардың өмір құндылықтарын арттыру мақсатында сынып сағаттарында өткізілді. Оқушылар белсене ат салысып, өз ойларымен бөлісті.



Пед. ұжыммен сіздің қарым-қатынас стиліңіз агрессивті ме, әлде бейбітшілігі ме?» атты сауалнама да АСППМ арқылы анықталды. Нәтижесінде 87 мұғалімнің қарым – қатынасы 87, орта – 2



Буллинг тақырыбында да жұмыстар оқушылар мен ата – аналармен жасалуда солардың бірі Буллинг және Кибербуллингің алдын алу бойынша сыныптарда әңгімелесу, бейнероликтер көрсету, жадынама тарату сияқты іс-шаралар өткізілді.




Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу бойында ата – аналармен профилактикалық алдын алу жұмыстары жүргізілді мақсаты оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылды.



HR+ бағдарламасы арқылы К.Янг әдістемесі баланың интернетке тәуелділігін анықтау үшін 6-11 сыныптарға өтті.

Оқушылардың бойындағы Интернетке тәуелдігі бар Қапайым қолданушы 7 А сыныбында 21 оқушы интернетке шамадан тыс қызығушылықпен байланысты кейбір проблемалары бар және интернетте пайдалану айтарлықтай қиындық туғызда анықталған жоқ. 7 Б сыныбында 22 оқушы интернетке шамадан тыс қызығушылықпен байланысты кейбір проблемалары бар 1 оқушы және интернетте пайдалану айтарлықтай қиындық туғызда анықталған жоқ. 7 В сыныбында 24 оқушы интернетке шамадан тыс қызығушылықпен байланысты кейбір проблемалары бар оқушы анықталған жоқ, интернетте пайдалану айтарлықтай қиындық туғызда анықталған 1 оқушы. Анықталған оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілері мен ата – аналарына ұсыныстар дерілді.



HR+ бағдарламасы арқылы «Ағаштағы орныңыз қайда» сауалнамасы 6 сыныптар үшін өткізілді. Қорытындысы шығарылып, сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді.

Ата-анамен жұмыс үшін И.М.Марковскаяның «Ата-ананың баламен қарым қатынасы» атты сауалнамасы өзара қары-қатынастарын анықтау мақсатында берілді. Ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты қолдау мақсатында түрлі тренинтер жүргізілді.



«Кактус» әдісі бастауыш сыныптардан агрессияны анықтау үшін алынды. Оқушылардың бойындағы мазасыздықтың алдын ала отырып, түзету жұмыстарында жеке консультациялар жүргізілді.

МОДА ға дайындық ретінде де 4,9 сыныптарға тестке дайындалуға ерік-жігерлерін жетілдіруге бағытталған тренингтер өтті. Оқушылардың белсене атсалыса отырып, өз ойларымен, ішкі сезімдерімен бөлісті.

11 сынып оқушыларымен ҰБТ –ға дайындықтарын аттыру үшін түрлі тренингтер өткізіліп, олардың бойындағы мазасыздықтарын арттыру болып табылды.



«Жақсы –көңіл күй жан азығы» атты тақырыбында педагогикалық ұжыммен эмоционалдық тренинг өткізілді. Ұжымдық қарым – қатынасты нығайта отырып, психологиялық ахуалды қалыптастыру болып табылды. Белсене қатыса отырып, бойдағы мазасыздықты тұрақтандыру болып табылды.



Вейпинг:электронды темекінің зияны атты түсіндірме жұмыс 6-8 сыныптарға өткізілді. Мақсаты оқушылардың бойындағы жағымсыз қылықтар мен әдеттерден арыла отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу және денсаулықтың маңыздылығын түсіндіру.



«Кибербуллинг дегеніміз не және онымен қалай күресуге болады?» тақырыбында 4-6 сыныптарға тренингтер мен пікір алмасу, сынып сағаттар сынып жетекшілермен бірлескен түрде профилактикалық жұмыстары

қамтылды. «Стоп буллинг код актив» кюар код парақшалары бейне бақылау жоқ жерлерге ілініп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

16 мамыр айында қалалық психологтардың іс – тәжірибесімен бөлісу мақсатында «Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру. Аутодеструктивті мінез – құлық пен зорлық – зомбылықтың алдын - алу» тақырыбында семинар өтті. Мақсаты: Педагог – психологтың кәсіби шеберлігін жетілдіру заманауи психологиялық әдіс тәсілдерді ұйымдастыру және насихаттау. 4 блок бойынша тақырыптар беріліп өз іс тәжірибелерімен бөлісті. Семинар соңында концерттік бағдарламамен аяқталып, сертификаттармен марапатталды.



Мамыр айында 9 – 11 сынып оқушыларынан емтиханды сәтті тапсыру үшін қалай көмектесуге болады? атты жадынамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу бойынша анықтамалары жазылды. Әр оқушыларға кеңестер беріліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Мазасыздық пен агрессивтілік деңгейлерін жеңілдету жаттығулары оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін төмендетуге бағытталған түзету дамыту жұмыстары атқарылды. Сұраныс бойынша жеке және топтық кеңестер жүргізілді.

2024 – 2025 оқу жылының аяқталуына байланысты жылдық есептері жинақталып, қорытындыланды.

Мектеп – гимназия директоры:

К.С Козбагарова